



Рисунок 4 – Работа фрагмента MuseumFragment

На современном этапе туризм является важной и ведущей отраслью государства. При рассмотрении с другого аспекта в экономике каждой страны или государства туризм – это очень многогранно развитая отрасль хозяйства, являющаяся одной из главных составляющих дохода, в некоторых странах, влияющая на развитие их экономики и мирового сотрудничества. Он является важным фактором влияния и последующего развития социальных, экономических и культурных сфер. Туризм в реальности – возобновляемый ресурс, оказывает положительное влияние на инфраструктуру, способствует привлечению иностранного капитала и увеличению количества рабочих мест.

*Төлепберген А.А., Сарсенбаева А.К.,
Альжанова А.Ж., Қаинбек Д.Н.
3 курс студенттері, НАО Торайғыров университет
Исабекова Л.З., Куанышева Р.С.
аға оқытушылар, НАО Торайғыров университет*

**БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ТАНЫМДЫҚ МАҒЛҰМАТ
ЖИНАҚТАЛҒАН WEB САЙТ ӘЗІРЛЕУ**

Қазіргі уақытта компьютерлік технология күннен күнге дамып жатыр. Компьютерлік технологиялардың, сондай-ақ ғаламдық веб-сайттарының пайда болуымен әр адамның алдында шексіз мүмкіндіктер ашылады. Әр түрлі ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі пайда болады.

Өз кезегінде, веб-сайттарды әзірлеу – ақпараттық технологиялар саласындағы ең перспективалы бағыттардың бірі. Веб-сайттармен жұмыс істеу – бұл білім алушылардың техникалық және шығармашылық дағдыларын тең дәрежеде дамытатын бағыт.

Кез келген саланы дамыту үшін веб-сайт құруға болады. Веб-сайттар компьютер экранынан шықпай-ақ әр түрлі ақпаратты сақтауға, жіберуге, сатуға мүмкіндік береді. Осылайша, сайттар құру мәселесін зерттеудің өзектілігі интернетті белсенді пайдаланушылар санының үздіксіз өсуіне және қазіргі интернет кеңістігінде веб-ресурстардың сұранысқа ие болуына байланысты.

Аннотация. Мақалада веб-сайттың балалар мен жасөспірімдерге арналған білім беру жобасына сайт құру талаптары көрсетілген, ол тек ақпараттандыру үшін ғана емес, сонымен қатар тікелей оқыту үшін де қолданылады. Сондай-ақ, мақалада сайтты дамытудың негізгі кезеңдері, қолданыстағы веб-ресурсты қолдана отырып оқыту әдістері сипатталған.

Кілттік сөздер: танымдық сайт, компьютерлік технология, сайтты құру жолдары.

Жобаның өзектілігі: Бүгінгі таңда білім беру саласындағы Web сайттар танымал және сұранысқа ие. Web сайттар үлкен қызығушылық тудырады, өйткені мазмұнның көрнекі бейнесі бар, бұл пайдаланушыларға ақпараттық әсер ету объектісі ретінде әсерін күшейтеді.

Жоба гипотезасы: Әзірленген сайт балалардың танымдық оқу іс-әрекеттерін қалыптастыруға, оқу процесін жетілдіруге және дамытуға ықпал ететін болады.

Мақсаты: Балаларға арналған танымдық мағлұмат жинақталған web сайт әзірлеу;

Осы мақсатқа жету барысында туындайтын міндеттер:

1. Сайт аудиториясын, ол орындайтын мақсаттарды анықтау;
2. Білім беру мекемелерінің қолданыстағы web-сайттарын талдау және сипаттау;

3. Web-параққа қойылатын негізгі талаптарды қарастыру.

4. Бағдарламалық жасақтаманы таңдау және негіздеу;

5. Сайттың оңтайлы құрылымын жасау.

6. Жиналған материалды жүйелеу және қорытындыға келу.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы: Балалардың танымдық қызығушылығын арттыру мақсатында орындалған web сайттың негізгі жасалу әдістері мен талаптары анықталды.

Көптеген мұғалімдер ақпараттық технологияларды өздерінің әдістемелік жүйесіне қосуға дайын, өйткені бұл оларға оқытудың мазмұнын, әдістері мен ұйымдастырушылық формаларын сапалы өзгертуге мүмкіндік беретінін түсінеді. Балаларға арналған сайттар жаңа нәрселерді білудің шексіз мүмкіндіктері болып табылады, эксперименттерге арналған өріс болып табылады, сондықтан көптеген визуалды екпіндерді қолдануға рұқсат етіледі, бірақ функционалдылық туралы айтатын болсақ, сайтты пайдалану түсінікті болуы керек. Әзірленген сайт балаларды танымдық тұрғыдан ұсынатын қызықты мәліметтермен таныстыруға, терең түсінуге арналған.

Балаларға арналған танымдық сайтты жасау үшін HTML және CSS, JavaScript қолданылды. HTML – бұл қарапайым гипермәтіндік белгілеу тілі, бір платформадан екіншісіне тасымалдауға мүмкіндік беретін гипермәтіндік құжаттарды жасау [1]. HTML тілі адамға ыңғайлы түрде құжат түрінде браузерлермен түсіндіріледі және көрсетіледі. Ал CSS-сыртқы сипаттаманың ресми тілін пайдалана отырып жазылған құжаттың түрін жасауға болады [2]. Егер HTML беттің мазмұнын құрылымдау үшін пайдаланылса, онда CSS бұл құрылымдық мазмұнды пішімдеу қолданылады. JavaScript арқылы жасалған құжаттың мүмкіндіктері кеңейтілді. JavaScript-те жазылған код HTML файлына ішкі бағдарлама ретінде біріктіріліп, стандартты пәрменмен HTML кодының тиісті жолынан орындауға шақырылды.

Қазіргі кезде веб-сайттар құрудың көптеген әдістері бар, олар сайттың мақсаты мен түріне, әзірлеушінің дағдылары мен талаптарына байланысты. Әзірленген сайт балалардың білім беру жүйесіне бағытталған. Білім беру web-сайты жеке адамның, қоғамның мүддесі үшін оқыту мен тәрбиелеудің мақсатты үдерісін

қамтитын, мағынасы бойынша біріктірілген web-беттердің жиынтығы болып табылады.

Сайтты құру, соның ішінде компьютерлік курстар үшін бірнеше кезеңнен тұрады, оның ішінде – веб-ресурстың мақсаттарын анықтау және оны орналастыру, әзірлеуге техникалық тапсырма (ТТ) құру, дизайн макетін жасау, бағдарламалау, ақпаратпен толтыру.

Бірінші кезеңде веб-сайт қандай міндеттерді шешуі керек екенін анықтау керек, содан кейін мақсатты аудиторияны сипаттау керек, бұл жоба үшін дұрыс дизайнды жасауға, сонымен қатар мәтіндерді құру үшін дұрыс бағытты таңдауға мүмкіндік береді. Екінші кезеңде, аудитория туралы ойлануды ұмытпау. Сайттың мақсатты аудиториясы – балалар, жасөспірімдер 10 жастан 13 жасқа дейін аралықты қамтиды. Осыған байланысты сайт дизайнına тиісті талаптар жасалды.

Үшіншіден, жылдам жүктелетін элементтерді пайдалану. Адамдардың сайттан тез кетуінің (немесе оған мүлдем кірмеуінің) бірінші себебі – ақпаратты тым ұзақ жүктеу болып табылғандықтан, мейлінше барлығы түсінікті тілде жазылған. Төртіншіден, барлығын бір параққа орналастыруға тырыспау. Беттерді тым көп ақпаратпен жүктеудің қажеті жоқ. Бесіншіден, сайтта мультимедиялық өнімдерді пайдалану. Сайтта ақпаратты ұсынуда қиындықтар туындаған кезде пайдалы болуы мүмкін. Сайттың құрылымын неғұрлым нақты елестете алсақ, оны жақсарту туралы жаңа идеялар пайда болады.

Пайдаланушының сайтпен немесе қосымшамен өзара әрекеттесуінің ыңғайлылығы интерфейстің сауаттылығына байланысты. Интернет-сайттың интерфейсі қарапайым және интуитивті болуы керек [3]. Пайдаланушы интерфейсін жобалау кезінде негізгі нәрсе – қарапайым навигация. Бағдарламалау кезеңінде, атап айтқанда, мәзірдің тәртібі анықталады. Сонымен, әзірленген сайттың ең ыңғайлы құрылымын ұйымдастыру үшін тік мәзір құрылды, оған сайттың барлық беттерінде, жарияланымның өзі, оның жарияланымы, фото галереясы, түсініктеме өрісі кіреді.

Веб-сайттың құрылымы біркелкі және, әдетте, келесі бөлімдерді қамтиды.

Басты бет. Пайдаланушыға сайттың құрылымы туралы түсінік береді. Бұдан басқа, басты бетте жаңалықтар, көрсетілетін

қызметтер, яғни пайдаланушылардың әртүрлі жас айырмашылықтарына байланысты қызықтыратын ақпарат орналастырылады (біздің жағдайда бұл 3-7 жас, 7-13 жас және танымдық тұрғыға арналған қызықты бөлімдер).

Бейнеролик бөлімдері. Әртүрлі жастағы балаларға арналған қызықты мағлұматтар тақырып бойынша бөлінген. Әдетте, дәл осы жастарда балалар жаңа білімге ашық. Бірақ, кез-келген білім беру процесінде қызметті өзгерту қажеттілігі керек. Мұғалім сабақ барысында оқушылардың назарын ұстап тұру үшін сабақ құруы керек. Әрине, бұл үшін көрнекі экрандық-дыбыстық оқыту құралдары қажет. Сол арқылы баланың қажетті ақпаратты қабылдауы жылдам болады. Мысал ретінде бала сайтқа кірген кезде өзін қызықтыратын бейнеролик бөліміне кіріп, ішінде орналасқан қажет деп санайтын бейнелерді көру арқылы ақпаратты тез сіңіре алады.

Қызық екен бөлімінде білімге тікелей бағытталған көптеген қажетті ақпараттарды қамтитын мақал-мәтелдер көрсетілген.

Біз туралы бөлімінде сайттың негізгі атауының мағынасы көрсетілген.

Сайт функциялары:

- Білім беру қызметі. Интернет жағдайында білім беру процесін ұйымдастырады: Қашықтықтан оқытуға, оқу процесінде электрондық оқу материалдарын пайдалануға мүмкіндік береді, мектептегі сабақтарды тоқтата тұру кезінде білім беру процесінің үздіксіздігін қамтамасыз етеді.

- Тәрбиелік функция. Білім беру мекемесінде жүзеге асырылатын тәрбие жұмысының негізгі бағыттарын көрсетеді.

- Ақпараттық функция. Мектептің күнделікті өмірін көрсетеді: оқиғалар, конкурстарға, жобаларға қатысу, қызмет нәтижелері, сыныптан тыс іс-шаралар, кесте және үй тапсырмалары және т. б.

Web сайттарды пайдалану балалардың дамуына және олардың танымдық дағдыларын одан әрі жетілдіретін бірнеше артықшылықтарға ие.

Біріншіден, интерактивтілік: сайтты мектепте де, сабақта да, үйде де (Интернетке қол жетімділік болған жағдайда) өз бетінше дайындалу үшін пайдалануға болады.

Екіншіден, web сайтты пайдалану балалардың ақпараттық мәдениетін арттырады және бүкіләлемдік ғаламторды өзін-өзі тәрбиелеу үшін пайдалануға деген ұмтылысты дамытады.

Сондай-ақ, бұл сабақ барысында дәстүрлі дереккөздерде көрсетілгеннен гөрі кеңірек ақпаратты пайдалануға мүмкіндік береді.

«WCEIC» веб-сайтын әзірлеу барысында, веб-сайтты құру технологиялары бойынша теориялық материал және интерактивті веб-беттерді құруға мүмкіндік беретін заманауи веб-технологиялар талданылды. Әзірленген сайт барлық талаптарды қанағаттандырады. Веб-сайт жағымды түстермен безендірілген және қолданушы қолдана алатын көптеген мүмкіндіктерге ие.

Осылайша, балалар алған білімдерін қолданыстағы жобамен жұмыс жасау арқылы бекітеді, тек HTML беттерінен тұратын сайт пен жасалған сайт арасындағы айырмашылықтарды түсіне бастайды. Болашақта біз әзірлеген веб-сайтты нақты өмірде пайдалануға болады. Сондай-ақ, ұсынылатын қызметтер, жаңалықтар тізімін кеңейтуге болады. Бұл ресурс жұмыста тұрақты және онымен жұмыс істеу үшін жоғары білімді қажет етпейді. Web сайттарды қолдану оқу процесінің тиімділігін арттырады. Осылайша, әзірленген сайт балалардың танымдық оқу іс-әрекеттерін қалыптастыруға, оқу процесін жетілдіруге және дамытуға арналған тиімді құрал бола алады.

Әдебиеттер

- 1 Пауэлл, Т. HTML: бағдарламашы анықтамалығы / Т. А. Пауэлл, Д. Уитворт. АСТ, 2015.
- 2 Иванова, Г. С. бағдарламалау технологиясы. – М. : Кно Рус, 2017.
- 3 Гаевский, А. Ю., Романовский, В.А. веб - беттерді құруға арналған оқулық: HTML, JavaScript және динамикалық HTML. – К. : А. С. К. , 2015.

Sadullaev Behzod Alisher ugli
1-year master's degree, Tashkent State Transport University
Suyunbaev Shinpolat Mansuralievich
Professor, Tashkent State Transport University